ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

13 шілде 2023 жыл № 3115-23-00-2/939 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Е. Қалымханов, сот отырысының хатшысы А. Мырзакулованың қатысуымен сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"BATRAKOV GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А. Татыбаева
Жауапкердің өкілі Б. Сейт

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшымен мен жауапкер арасында 2023 жылғы 20 қантарда ақпанда № 2 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. Шарттың техникалық ерекшелігі бойынша жауапкер талап қоюшының емханалары мен ауруханаларында 7 лифтті жөндеуге және іске қосуға, және оған сервистік қызмет көрсетуге міндеттенді.

Шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты қолдады.

Жауапкер талап қоюмен келіспеді, пікірде көрсетілген негіздер бойынша оның қанағаттануынан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сай (бұдан әрі - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Зан) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

Техникалық ерекшелікте көрсетілген 2011 жылғы ПБ-0606 аурухана лифті, 2011 жылғы ПГ-259м жүк лифті, 2011 жылғы ПГ-259м жүк лифті жөнделмеген және іске қосылмаған.

Сотқа талап қою беру мерзімі өткізілген жоқ.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жыл ішінде деп көрсетілген.

Талапкер мемлекеттік сатып алу порталы бойынша жауап берушіге 2023 жылғы 21 сәуірде лифттерді жөндеу қажеттігі туралы хабарлама жіберді, алайда жауапкер жоғарыда көрсетілген лифттерді жөндеген жоқ.

Істі қарау кезеңінде сот жауапкерге шартты орындауды бірнеше рет ұсынды, алайда жауапкер соттың бұл ұсынысын да орындамады.

Заңының 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осыған байланысты талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырылуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 20.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Калымханов Е. А., 24.08.2023
3115-23-3-1/1228

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "BATRAKOV GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«BATRAKOV GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"BATRAKOV GROUP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны сомасы өндіріліп алынсын.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда 20 шілдеде 2023 жылы әзірленді.

Судья Е.А. Калымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 20.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Калымханов Е. А., 24.08.2023

3115-23-3-1/1228